

Дарын

Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыруға арналған дидактикалық ойындар

Такырыбы: Күйршақты оятпа

Максаты: Ақырын дауысты қолдана білуді дамыту.

Ойын шарты: 2-3 баламен кезек-кезек ойнатылады.

Қажетті құралдар: Жабылатын көздері бар күйршак, тәсек орын жабдықтарымен кереует, майда ойыншыктар (текше, доп, машина және т. б.) ойыншықтарға арналған қорап.

Ойын барысы: Тәрбиеші үйіктап жатқан күйршағы бар кереуетті көрсетіп: «Кәусар кәп қыдырды, шаршады, түстенді және үйіктап қалды. Ал бізге Кәусәрді оятып алмау үшін ойыншықтарды тыныш жинау керек. Маған ақырын айтшы, қандай ойыншыкты қорапка салу керек?». Мұнда баланың ақырын, бірақ сыйырламай айтқанын бақылау қажет.



МЕБЕЛ

Балдар

Такырыбы: Көпіршік

Мақсаты: Балалардың сәйлеу тынысын және дыбыстық аппаратын дамыту.

Ойын шарты: Ойынды бірнеше адамойнайды. Ойынқайталаңады.

Ойын барысы: Балалар тығыз шенбер жасап тұрады және бір-біріне «түтікше» етіп жұдырыктарын қойып, ойдан көпіршік үрледі.

«Көпіршік, көпіршік үлкен бол үрлен,

Осылай кал, жарылма үрлен».

Сосын үлкен көпіршік үрленеді (балалар «У-У-У-П» деген дыбысты ұзак шығарады).



Сандыр

Такырыбы: Сиқырлы қапшық

Ойынның мақсаты: Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.

Қажетті құралдар: Түсі, әлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.

Ойын шарты: Әр баламен жеке-жеке ойналады.

Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтын» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған сон атын атап, түсін айтады.



Рынг



Такырыбы: Апта күндері

Максаты: Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету.

Қажетті құралдар: Апта күндерін шартты түрде белгілейтін 1-ден 7-ге дейін дәнгелектермен дайындалған карточка.

Ойын шарты: 7 баламен ойналады, ойын қайталанып отырады

Барысы: Арнайы дайындалған карточканы көрсетіп, таныстыру. Апта күндерін атату, карточканы таратып беру. Тақтаға шыққан бала карточкаға сәйкес өз апта атын білу керек. Тәрбиеші бұйрығымен, «дүйсенбі» бір алым алдыға десе, тұрып калмай алдыға шығу керек. Бұдан соң балалар кезекпен аудысып тақтаға шығады



Балықт

Такырыбы: Сағат тықылдайды

Максаты: Дыбыстарды айтуды, дыбыстау аппаратын дамыту. «К», «Т» дыбыстарының айтылуын бекіту. Біркелкіс әзкаркынын, сөздерді жылдам жәнебаяу, катты жәнежайтуды шынықтыру.

Қажетті құралдар: Улken және кіші сағаттар.

Ойын шарты: Әр баламен жеке-жеке ойналады.

Ойын барысы: Тәрбиеші балаға сағаттарды көрсетіп, айтады: «Бұл – сағаттар. Олар жүрген кезде «тк-тк, тк-тк» деп тықылдайды. Сағаттар қалай тықылдайды? (балалар жауап береді). Улken сағаттар жүрген кезде «тк-тк» деп катты және баяу, ал кіші сағаттар «тк-тк» деп жай және жылдам тықылдайды (балалар әркайсысына айырмашылығын ажыратып жауап береді). «Т» және «К» дыбыстарының дұрыс және анық айтылуын қадағалау керек.



Олең


Тақырыбы: Машина

Мақсаты: «Б» дыбысын дұрыс және анық айтуды калыптастыру, жеке дыбысқа еліктеп катты және жай айтуды, көністікте бағдарлана білуді дамыту.

Қажетті құралдар: Картоннан жасалған (бала санына байланысты) тұтқа, үлкен және кіші машиналар.

Ойын шарты: Барлық топпен ойналады.

Ойын барысы: Тәрбиеші мәшинені көрсетеді және оның калай гүрілдейтінін сұрайды («бн-н, бн-н»). Сосын үлкен мәшинені көрсетіп, айтады: «Үлкен мәшине катты гүрілдейді тында, былай «бн-н, бн-н» (дыбысқа еліктеуді әдеттегіден катты айтады), ал кіші мәшине жай гүрілдейді (сыбырлап акырын айтады) «бн-н, бн-н». Балаға дыбыс тіркестерін бірсеке катты, бірсеке жай қайталау ұсынылады. Содан соң тәрбиеші балаларға ёздері мәшинемен қызыруды ұсынады. Балалар жүргізушілерді бейнелеп, колдарында тұтқа топ ішінде «бн-н, бн-н» деп айтып бытырап жүгіреді.



Риалт



Такырыбы: Дәл осындаға пішінді тап

Мақсаты: Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.

Қажетті құралдар: Бала саны бойынша құлыштың суреттері, геометриялық пішіндер.

Ойын шарты: Барлық топ балаларымен бірге ойналады.

Ойын барысы: Сикырлы құлышты ашуды ұсыну. Құлыштың кілттері де сикырлы, геометриялық пішіндерден құрылғанын айтуды. Әр бала құлышқа сай келетін кілтті алып, құлышты ашады.



Рынг



Такырыбы: Вагондарға дәңгелек тандау

Максаты: Геометриялық пішіндерді ажыратуға, касиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.

Қажетті құралдар: Қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.

Ойын шарты: Балаларды үш топқа бөліп ойналады.

Ойынның мазмұны: Балалар вагондарға лайық дәңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.



Руслан

Такырыбы: Үйдің есігін жабайық

Мақсаты: Заттарды ёлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жінішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.

Қажетті құралдар: Үйдің, есіктің суреттері.

Ойын шарты: Барлық балалармен ойналады.

Ойын барысы: қағаздан қылған, есігі жок үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жінішке есіктерді үйдің ёлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.



Роза




Такырыбы: Үй күрлісінің ретін көрсет

Максаты: Түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау кабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.

Қажетті құралдар: Баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі.

Ойын шарты: Барлық топ балаларымен ойналады.

Ойын барысы: Балаларға үйдін суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді кұрастыруды ұсыну.



Shay

Такырыбы: Орамалға лайық жамауларды табу

Мәссаңы: Геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Қажетті қуралдар: Бала саны бойынша қағаздан жасалған бет орамалдардың үлгісі, әртүрлі пішіндер.

Ойын шарты: Барлық топ балаларымен ойналады.

Ойын барысы: Балаларға орамалдардың үлгісін таратып беру. Алдарындағы пішіндердің ішінен әр орамалға лайық жамауды табуды ұсыну.



Бағыт




Такырыбы: Жұбын тап

Максаты: Геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттыктыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.

Қажетті құралдар: Әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері.

Ойын шарты: Барлық балалармен бірге ойналады.

Ойын барысы: Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру.



Бағыт



Такырыбы: Таныс пішіндер доминосы

Мақсаты: Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін тандауға жаттықтыру.

Қажетті құралдар: Пішіндер бейнеленген суреттер.

Ойын шарты: Барлық топпен ойналады.

Ойын барысы: Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуши бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, калған балалар суретке сәйкес әзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.



Балалар


Такырыбы: Зейінді бол

Максаты: Курделі геометриялық суреттен үшбұрышты, тәртбұрышты, шенберді көрсете білу.

Қажетті құралдар: Геометриялық пішіндер кескінделген суреттер.

Ойын шарты: Балаларды үш топка бөліп ойналады.

Ойын барысы: Тәрбиеші көрсеткіш таяқшамен бірінші (екінші, үшінші, тәртінші, бесінші, алтыншы) суретті нұскап, балаларға мынадай сұрақ қояды: Суреттен кандай таныс пішінді көресіндер? Әрбір суретте әзара ұксас неше пішін бар? Есептеу кезінде аз кателескен катар ұтып шығады.



Сандык

Такырыбы: Таныш ал да, атын ата

Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау кабілетін дамыту.

Қажетті құралдар: әр түрлі ойыншықтар немесе суреттер.

Ойын шарты: Әр баламен кезек-кезек ойналады.

Ойын барысы: Балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әнгіме қурауды немесе тақпак айтып беруді ұсынады.



Shay


Такырыбы: Мынау қай пішін?

Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап аныктау арқылы айта білу.

Қажетті құралдар: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5–түрі.

Ойын шарты: Әр баламен жеке-жеке ойналады, әр топтан уш баладан шығады.

Ойын барысы: Бала топка қарап тұрыш, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.



Бағыт

Такырыбы: Қандай пішін шыкты?

Максаты: Таякшалардан таныс геометриялық пішіндер күрастыра білу.

Қажетті құралдар: Әрбір балаға 10 данадан санағыш таякшалары

Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға үш таякша алып, олардан пішін күрастыруды ұсынады. Қандай пішін шыкты? Енді төрт таякша алып, пішін күрастыру ұсынылады. Қандай пішін шыкты? Тәрбиеші тағы да бір таякша алып, оны шаршының, төртбұрыштың үстіне қоюды ұсынады. Қандай пішін шыкты?

Ойын шарты: Балаларды үш топқа бөліп, әр топ ұйымдасып пішіндерді тауып алу.



Балык


Такырыбы: Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр

Мақсаты: Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыра білу.

Қажетті күралдар: Әр балаға жеткілікті таратпа суреттер.

Ойын шарты: Әр баламен жеке-жеке ойналады. Балалар бос тордағы пішіндерді танып айту.

Ойын барысы: Балаларға суреттер таратылып беріледі. Суреттердегі бос торларды сәйкес пішіндермен толтыру.



Бары




Такырыбы: Қандай пішін жетіспейді?

Максаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапкызу.

Қажетті құралдар: Геометриялық пішіндер.

Ойын шарты: Барлық топпен бірдей ойналады.

Ойын барысы: Тактаға геометриялық пішіндер койылады. Балаларға кәздерінді жұмындар деп, бір пішінді алып қояды. Балалар қай пішін жетіспейтінін табады.



Дарын





Такырыбы: Пішіндерді боя

Мақсаты: Түстерді тани білуге үйрету. Ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға қызығушылықтарын арттыру.

Қажетті құралдар: Геометриялық пішіндер.

Ойын барысы: Балаларды үйымдастырып, оларға ақ бет кағаздағы пішіндердің суреттері таратылып беріледі. Бұл суреттегі пішіндер боялмаған. Тәрбиеші балаларға тактаға боялған пішіндерді іліп кояды. Балалардың міндеті сол тактадағы түстеріне қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды. Мұндай ойын балалардың түсінудерін және шапшандықтарын шындаілды.

Ойын шарты: Барлық топ балаларымен ойналады.



Раисат

Такырыбы: Сикырлы суреттер

Максаты: Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, кабылдау процесстерін дамыту.

Қажетті құралдар: Түрлі сурет бәлінділері.

Ойын шарты: Балаларды екі топка бәліп ойналады.

Ойын барысы: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бәлінділерден сурет күрайды. Сурет бойынша әнгіме қурауды ұсыну



Shant

Такырыбы: Көзінді жұмып, колынмен анықта

Максаты: Ұзын-кыска, жуан-жінішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.

Қажетті құралдар: Қарындаштар, таяқшалар.

Ойын шарты: Жеке баламен ойналады, ойын бірнеше рет қайталанады.

Ойын барысы: Балалар сипап – сезу арқылы заттың ұзын - кыскалығын анықтау. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шакырып, оған көзін жұмғызып, қарындастың ұзын-кыскалығын аныктатады. Ойын бірнеше рет қайталанады.



Балалар

Такырыбы: Зейінді бол

Максаты: Биік және аласа ұғымдарын бекіту; логикалық ойлауды дамыту.

Қажетті құралдар: Биік және аласа заттар бейнеленген суреттер немесе ойыншықтар.

Ойын шарты: Барлық балалармен ойналады.

Ойын барысы: Балаларға биік және аласа заттардың суреттерін немесе ойыншықтарын көрастыруды ұсынады. Әр суретте не бейнеленгенін анықтау. Биік затты көрсеткенде балалар орындарынан тұрады, аласа затты көрсеткенде бастарын тәмен түсіреді.



Балдар


Тақырыбы: Шарлар

Мақсаты: Қасиеттері бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, әлшемдерді ажыратуға жаттықтыру, зейіндерін дамыту.

Қажетті құралдар: Бала саны бойынша әртүрлі шарлар.

Ойын шарты: Барлық топ балаларымен ойналады.

Ойын барысы: Балаларға шарларды таратып беру, шарлардың түсін, әлшемін аныктауды ұсыну. Балалар тәрбиешінің шарын өздерінің шарларымен салыстырады. Белгі бойынша тәрбиешінің шарына ұксас шарлары бар балалар ортаға жүтіріп шығады.



Розы



Такырыбы: Қолымда не бар?

Мәсаты: Ұзын-кыска, жуан-жінішке, үлкен-кіші, он-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту.

Қажетті құралдар: Ұсақ тастар, жаңғақтар.

Ойын шарты: Әр баланы ортаға шақыру арқылы ойналады, балалар көлеміне қарай тәрбиешінің қолында не барын аныктайды.

Ойын барысы: Баланың қолына үлкендігі әртүрлі заттарды ұстату. Мысалы, үлкен және кіші тастар. Бала қолына карамастан, сипап-сезу арқылы үлкен-кіші заттың он және сол қолында екенін аныктайды. Қалған балалар оның жауабынын дұрыстығын тексереді. Жуан-жінішке, ұзын-кыска әлшемдері бойынша жұмыс осылайша жүргізіледі.



Рисунок

Тақырыбы: Ұзын және қысқа

Мақсаты: Әлшемдердің касиеттерін қабылдауға үйрету, тапсырманы орындауға жаттықтыру.

Қажетті құралдар: Ұзын және қысқа жолақшалар.

Ойын шарты: Барлық топ балаларымен бірге ойналады

Ойын барысы: Балаларға ұзын және қысқа жолақшаны көрсету. Әлшемін анықтау. Жолақшаларды таратып беру. Үстелдің үстіндегі жолақшалардың ішінен ұқсас жолақшаны табуға беру.



Балық


Такырыбы: Жоғары – тәмен

Максаты: Жоғары – тәмен ұғымдарын пысықтау. Байкағыштықты, зейін, киялды дамыту.

Қажетті құралдар: Құстардың, жануарлардың суреттері.

Ойын шарты: Тәрбиеші әр баланы ортаға шакыра отырып ойналады.

Ойын барысы: Бала кораптың ішінен бір суретті алып, атын атап, орнын аныктап үлкен суретке бекітеді. Мысалы, ұшак жоғарыда аспанда ұшады, балық тәмемде су ішінде жүзеді.



Балык

Тақырыбы: Көрші–көрші

Мақсаты: Сан құрамын атап, неше бірліктен түратынын, сандарды салыстыра білуге үйрету.

Қажетті құралдар: Кеспе қалтадағы сандық карточкалар: 1-10.

Ойын шарты: Уш баламен ойналады, ойын қайталанып отырады.

Ойын барысы: Тәрбиеші бір санды атайды. Тактаға бір бала шығып аталған санды «кеспе қалтадағы» сандар арасынан 7 санын алып кояды. Тәрбиеші осы санның көршілерін көрсетіндер дегендे, екі бала шығып 6 және 8 санын көрсетеді.



Балалар

Такырыбы: Карточкада кандай сан жазылған?

Максаты: Балаларды саннын құрамын таба білуге үйрету.

Қажетті құралдар: Суретті карточкалар.

Ойын шарты: Балаларды екі топқа бөліп ойналады.

Ойын барысы: 1 нұсқа: Тәрбиеші карточканың бетіндегі 2 түсті дәңгелекті тәмен қаратып қолына ұстап тұрады да, балаларға былай дейді: «Карточкада екі сан» бейнеленген. Егер оларды коссак 5 болады. Карточкада кай сандар бейнеленген? «Балалар түрліше жауап береді». Балалардың біреуі карточкада жазылған сандарды атаған кезде тәрбиеші карточканы топқа көрсетеді.

2 нұсқа: «Егер тоғыздан біреуін кемітсендер, сендер менің кольымдағы санды табасындар». Балалар бұл санды атайды. Жауабын бірнеше баладан сұрау керек. Тәрбиеші сандық карточканы балаларға алдын ала көрсетеді. Бірінші болып дұрыс жауап берген бала ұтып шығады.



Бал


Такырыбы: Сан құрастыр

Максаты: Санның құрамын пысықтау.

Қажетті құралдар: Суретті карточкалар.

Ойын шарты: Барлық топ балаларымен бірге ойналады.

Ойын барысы: Тәрбиеші бетіне бір сан, мысалы «б» саны жазылған карточканы көрсетеді. Эрбір бала қосындысы «б» санын құрайтын екі сандық карточканы көрсетуі тиіс. Мысалы: бір карточкада 5 дәңгелек, екіншісінде-1 дәңгелек, біреуінде-3, екіншісінде-3 шаршы және с.с.



Дары

Такырыбы: Заттарды сана


Максаты: Балалардың назарын дамыту, байқағыштықтарын арттыру. Кәкәністерсанымен сандарды тауыпқою.

Ойынарқылық кәкәністер түрлерінде ралыбілімдерін бекіту.

Қажетті құралдар: Кәкәністер суреттері, сірінке корабындағы сандар.

Ойын шарты: Балаларды екі топка бөліп ойналады.

Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға жемістердің суреттерін таратып береді. Бір суретте бірнеше кәкәністер түрлері болуға тиіс. Балаларға койылатын талап жемістер санын анықтау.



Балт


Такырыбы: Қанша? Қандай?

Максаты: 10-та дейін санауды бекіту, бірінші, екінші ұғымдарымен таныстыру.

Қажетті құралдар: Сандар («Шалқан», «Бауырсак» ертегісі бойынша)

Ойын шарты: Балаларды екі топка бәліп, ертегі бойынша кейіпкерлерді санайды.

Ойын барысы: Әр топтағы заттардың санын анықтау. Қораптан керекті санды алып койып, ертегіні әнгімелдеу, сандармен ретін анықтау. «Шалқан» ертегісі бойынша атасы бірінші, апасы екінші, кызы үшінші, т.б. пайдалана кетуге болады.



0 1 2 3 4
5 6 7 8 9

7 5 4 1
6 2 3 8